

Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3057. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен .

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 14-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасында саяси баспана алған адамдарды жайластыру жөніндегі шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджеттердің көші-қон шараларына көзделген қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

2) екі ай мерзімде :

Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы куәліктің үлгісін әзірлеп, бекітетін б о л с ы н ;

аталған үлгінің жасалуын қаржыландыруды қамтамасыз етсін;
өзінің нормативтік актілері мен орталық атқарушы органдардың актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 1)-тармақшасы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1997.06.20. N 3568 жарлығымен.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қызмет бабында пайдалану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғы 1 5 ш і л д е д е г і

N 3 0 5 7 Ж а р л ы ғы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына
және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру
тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК